Осы тармақта көзделген қосымша ковенанттардың (шектеулердің) кез келгені бұзылған жағдайда Эмитент бұзушылық басталған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұзушылықтың туындау себебін, осы бұзушылықты жою тәсілі мен мерзімін егжей-тегжейлі сипаттай отырып, осы бұзушылық туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізуге міндетті. Көрсетілген ақпаратты Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізу тиісті ақпараттық хабарламаны Биржаның (www.kase.kz), ҚЕД (www.dfo.kz) және Эмитенттің (www.homecredit.kz) ресми интернет-ресурстарында орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

Облигацияларды сатып алу туралы кемінде бір жазбаша өтініш алынған жағдайда, Эмитенттің Директорлар Кеңесі сатып алуға жазбаша өтініштерді қабылдау кезеңінің соңғы күнінен кейінгі күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде мыналар туралы шешім қабылдауға міндетті:

- Облигацияларды сатып алу;
- сатып алынатын Облигациялардың саны;
- Облигацияларды сатып алуды жүргізу күні: бұл ретте сатып алуды жүргізу күні Эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін күнге белгіленуі тиіс;
- есептеу тәртібі, оның ішінде:
 - ұйымдастырылмаған нарық үшін - (а) Облигацияларды ұстаушылардың Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге оларды сатып алу нәтижесінде Облигацияларды есептен шығаруға бұйрықтар беру тәртібі және (б) Облигацияларды ұстаушыға одан сатып алынған облигацияларды төлеуге ақша қаражатын аудару тәртібі;
 - ұйымдастырылған нарық үшін –Облигацияларды сатып алу бойынша сауда-саттық өткізу әдісін көрсету.
- Эмитенттің облигацияларды сатып алуын ұйымдастыру үшін қажетті өзге де шешімдер.

Эмитент Эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Биржаның (www.kase.kz), ҚЕД (www.dfo.kz) және Эмитенттің (www.homecredit.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы осындай шешімнің қабылданғаны туралы ақпаратты Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізуге міндетті. Жарияланған ақпаратта мына мәліметтер қамтылуы тиіс:

- ✓ сатып алынатын Облигациялардың саны;
- ✓ Облигацияларды сатып алуды жүргізу күні;

✓ есептеу тәртібі, оның ішінде:

- ұйымдастырылмаған нарық үшін - (а) Облигацияларды ұстаушылардың Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге оларды сатып алу нәтижесінде Облигацияларды есептен шығаруға бұйрықтар беру тәртібі және (б) Облигацияларды ұстаушыға одан сатып алынған облигацияларды төлеуге ақша қаражатын аудару тәртібі;
- ұйымдастырылған нарық үшін –Облигацияларды сатып алу бойынша сауда-саттық өткізу әдісін көрсету.

✓ Эмитенттің облигацияларды сатып алуын ұйымдастыру үшін қажетті өзге де ақпарат.

Эмитент орналастырылған облигацияларды сатып алуды Эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде жүзеге асырады.

Эмитент Облигацияларды ұстаушылардың талап етуі бойынша облигацияларды мынадай бағалардың ең көбі бойынша сатып алуға міндетті:

- жинақталған сыйақыны ескере отырып, облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша;
- Облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша.

3) *ковенанттар бұзылған кездегі облигация ұстаушылардың іс-әрекетінің тәртібі:*

Эмитенттің қосымша ковенанттардың (шектелулердің) кез келгенін бұзуы туралы ақпаратпен Облигацияларды ұстаушылар осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген мерзімдерде Биржаның (www.kase.kz), ҚЕД (www.dfo.kz) және Эмитенттің (www.homecredit.kz) ресми интернет-ресурстарында таныса алады.

Осы тармақпен көзделген Эмитенттің қосымша ковенанттардың (шектелулердің) кез келгенін бұзуы туралы ақпарат алғаш жарияланғаннан кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Облигацияларды ұстаушылардың Эмитенттің атына жазбаша өтініш беруге құқығы бар, ал Эмитент сатып алуға мәлімделген Облигациялардың санын көрсете отырып, өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініштерді қабылдауға міндетті.

Эмитенттің Директорлар кеңесінің облигацияларды сатып алуы туралы шешім қабылдауы туралы, оның ішінде облигацияларды сатып алуды жүргізу күні туралы ақпаратпен Облигацияларды ұстаушылар осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген мерзімдерде Биржаның (www.kase.kz), ҚЕД (www.dfo.kz) және Эмитенттің (www.homecredit.kz) ресми интернет-ресурстарында таныса алады.

Облигацияларды ұстаушы өзіне тиесілі Облигацияларды барлық қажетті деректемелерді көрсете отырып, еркін нысанда сатып алу туралы өтініш беруге тиіс:

- заңды тұлға үшін: Облигация ұстаушысының атауы; бизнес-сәйкестендіру нөмірі; мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің (анықтаманың) нөмірі, берілген күні және оны берген орган; заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері; телефондары; банктік деректемелері; сатып алуға жататын Облигациялардың саны мен түрі;
- жеке тұлға үшін: Облигация ұстаушысының тегі, аты және болған жағдайда, әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, берілген күні және оны берген орган; тұрғылықты жері; телефоны; банктік деректемелері; сатып алуға жататын Облигациялардың саны мен түрі.

Эмитенттің Директорлар кеңесінің Облигацияларды сатып алу туралы тиісті шешімімен Облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініштерде қосымша мәліметтерді көрсету қажеттігі көзделуі мүмкін.

Сатып алу ұйымдастырылған нарықта жүргізілген жағдайда, Облигацияларды ұстаушылардың оларға тиесілі облигацияларды сатуға өтініш беру тәртібі Биржаның ішкі құжаттарымен реттеледі.

Сатып алу ұйымдастырылмаған нарықта жүргізілген жағдайда, Облигацияларды ұстаушы Облигацияларды сатып алуды жүргізген күні Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийдің атына Эмитенттің Директорлар

кеңесінің шешімімен белгіленген тәртіппен өзіне тиесілі Облигацияларды есептен шығаруға бұйрық беруге тиіс.

Сатып алуға өтініш бермеген Облигацияларды ұстаушылар өздеріне тиесілі облигациялардың өтемін осы проспектіде көрсетілген олардың айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін алуға құқылы.

13. Айырбасталатын облигациялар шығарылған кезде мынадай мәліметтер қосымша көрсетіледі:

- 1) облигациялар айырбасталатын акциялардың түрі, саны және орналастыру бағасын белгілеу тәртібі, осындай акциялар бойынша құқықтар;
- 2) облигацияларды айырбастау тәртібі мен талаптары (егер облигациялардың шығарылымы толығымен айырбасталатын болса, айырбастаудың аяқталу күнінен бастап 1 (бір) ай ішінде облигациялардың шығарылымы жойылуда жататыны көрсетіледі, егер облигациялардың шығарылымы толығымен айырбасталмайтын болса, осы шығарылымның сатып алынған облигациялары одан әрі орналастырылуға жатпайтыны, айналыс мерзімінің соңында өтеледіні көрсетіледі).
- 3) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы заңының (бұдан әрі - Банктер туралы заң) 61-10-бабында көзделген негізде және тәртіппен төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызылған Банк уәкілетті органның шешіміне сәйкес облигацияларды акцияларға айырбастау талаптарын көрсетеді.

Осы шығарылымның облигациялары айырбасталмайды.

14. Шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын эмитенттің мүлкі туралы мәліметтер:

Осы шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілмеген болып табылады.

15. Атауын, орналасқан жерін, кепіл шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік берген банктің деректері (егер облигациялар банктің кепілдігімен қамтамасыз етілсе):

Осы шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілмеген болып табылады.

16. Инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде - концессия шартының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттің кепілдемесін беру туралы қаулысының деректемелері:

Осы шығарылымның облигациялары инфрақұрылымдық болып табылмайды.

17. Облигацияларды орналастырудан эмитент алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары:

Эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары:

Облигацияларды орналастырудан түскен қаражат банктің қорландыру базасын ұлғайтуға бағытталады. Банк өз міндеттемелерін әртараптандыруға және Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны Қазақстандағы клиенттерге кредит беруге жұмсауға ниетті. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны бөлу жоспарына енгізілуі мүмкін өзгерістер туындаған кезде Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен осы проспектіге тиісті өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізеді.

«Жасыл» облигациялар шығарылған жағдайда, облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсатының, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен «жасыл» облигациялар және «жасыл» кредиттер арқылы қаржыландыруға жататын «жасыл» жобаларды жіктеудің және (немесе) экология және (немесе) «жасыл» қаржыландыру

саласындағы халықаралық танылған қағидаттар мен стандарттардың сәйкестігі туралы ақпарат көрсетіледі.

Жатпайды.

Әлеуметтік облигациялар шығарылған жағдайда (әлеуметтік жобаларды іске асыруды қаржыландыру мақсатында ақша тарту үшін шығарылған облигациялар), қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын әлеуметтік міндеттерді іске асыруға бағытталған тиісті жобаның қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ осы жобаның орнықты даму саласындағы халықаралық танылған қағидаттар мен стандарттарға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі.

Жатпайды.

Орнықты даму облигацияларын шығарған жағдайда («жасыл» және әлеуметтік жобалардың комбинациясын қаржыландыру немесе қайта қаржыландыру мақсатында ақша тарту үшін шығарылған облигациялар), қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын орнықты даму міндеттерін іске асыруға бағытталған тиісті жобаның қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ осы жобаның орнықты даму саласындағы халықаралық танылған қағидаттар мен стандарттарға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі.

Жатпайды.

«Жасыл», әлеуметтік облигациялар және тұрақты даму облигациялары шығарылған жағдайда мыналар қосымша көрсетіледі:

қаржыландыру үшін осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жобаны іске асыру барысы туралы ақпаратты жария етуді эмитент жүзеге асыратын ақпарат көздері; егер қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жоба Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен «жасыл» облигациялар және «жасыл» кредиттер арқылы қаржыландыруға жататын «жасыл» жобалардың жіктелуіне және (немесе) экология және (немесе) «жасыл» қаржыландыру және (немесе) орнықты даму саласындағы халықаралық танылған қағидаттар мен стандарттарға сәйкес келмейтін болса, эмитент қолданатын шаралар.

Жатпайды.

Орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда (сипаттамалары эмитенттің орнықты даму саласында өзі бұрын айқындаған мақсаттарға жетуіне қарай өзгеретін облигациялар):

тұрақты даму саласында алдын ала белгіленген мақсаттарға қол жеткізуді бағалау үшін пайдаланылатын көрсеткіштер;

көрсетілген көрсеткіштерді есептеу әдістемесі;

эмитент өзі белгілеген сипаттамалардың орындалуы туралы ақпаратты жария етуді жүзеге асыратын ақпарат көздері сипатталады.

Жатпайды.

Орналастырудан түскен ақшасы жобаны қаржыландыруға жіберілетін инвестициялық облигациялар шығарылған жағдайда, осы жобаның қысқаша сипаты келтіріледі.

Жатпайды.

- 18. Эмитент бұрын орналастырған, айналыс мерзімі өткен облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен төленетін облигацияларды шығару кезінде (эмитент сатып алған облигацияларды шегергенде) осы облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығарылымының көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі:**

Осы шығарылымның облигациялары талап ету құқықтарымен төленбейді.

19. Облигацияларды ұстаушыға ұсынылатын құқықтар:

- 1) осы проспектіде көзделген тәртіппен және мерзімдерде Облигацияларды өтеген жағдайда номиналды құнды алу құқығы;

- 2) Облигациялар бойынша осы проспектіде көзделген мерзімдерде және мөлшерде олардың номиналды құнының тіркелген пайызын алу құқығы;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржа ережелеріне сәйкес және тәртіппен Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алу құқығы;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға катысты өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;
- 5) осы проспектіде белгіленген жағдайларда Облигациялардың барлығын немесе бір бөлігін сатып алуға жариялау құқығы;
- 6) Облигацияларды еркін сату және басқа жолмен иелік ету құқығы;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы проспектіде көзделген жағдайларда Эмитенттің облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы. Облигация ұстаушылардың өздеріне тиесілі облигацияларды сатып алуды талап ету құқығын іске асыру шарттары, тәртібі және мерзімі:
 - а) Егер Эмитент Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 15-бабының 2-тармағында белгіленген шарттардың кез келгенінің бұзылуына жол берсе және Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда Облигация ұстаушылар өздеріне тиесілі облигациялардың сатып алынуын талап етуге құқылы.

Эмитент Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 15-бабының 2-тармағында белгіленген шарттардың кез келгенінің бұзылуына жол берген жағдайда, сатып алу жинақталған сыйақыны ескере отырып, облигациялардың номиналды құнына сай келетін бағамен жүзеге асырылады.

Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайлар басталған кезде Эмитент орналастырылған облигациялардың келесі бағалардың ең көбі бойынша сатып алуды жүзеге асыруға міндетті: (i) жинақталған сыйақыны ескере отырып Облигациялардың номиналды құнына сай келетін бағамен; (ii) Облигациялардың әділ нарықтық бағасымен.

Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 15-бабының 2-тармағында және 18-4-бабының 2-тармағы 1) және 2) тармақшаларында қарастырылған сатып алу үшін кез келген негіздер пайда болған жағдайда, Эмитент аталған негіздер пайда болған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде, Биржаның (www.kase.kz), ҚЕД (www.dfo.kz) және Эмитенттің (www.homecredit.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарлама жариялау арқылы Облигация ұстаушыларының назарына облигацияларды сатып алу үшін негіз пайда болғаны туралы ақпаратты жеткізуге міндетті. Бұл ақпарат облигацияларды сатып алу үшін негіздемелердің қайсысы бар екені туралы егжей-тегжейлі сипаттаманы, сондай-ақ қажет болса өзге ақпаратты қамтуы тиіс.

Жоғарыда аталған ақпараттық хабарды алғашқы жариялау күнінен кейінгі күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде Облигация ұстаушылар сатып алуға мәлімделген облигациялар санын көрсетумен сатып алу туралы жазбаша өтініш беруге құқылы, ал Эмитент оны қабылдауға міндетті.

Облигацияларды сатып алу туралы ең болмағанда бір жазбаша өтініш алынған жағдайда, Эмитенттің Директорлар кеңесі сатып алуға жазбаша өтінімдерді қабылдау кезеңінің соңғы күнінен кейінгі күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде мыналар туралы шешім қабылдауға міндетті:

- ✓ Облигацияларды сатып алу;
- ✓ облигацияларды сатып алу жүргізілетін баға;
- ✓ сатып алынатын Облигациялардың саны;
- ✓ Облигацияларды сатып алуды жүргізу күні: бұл ретте сатып алуды жүргізу күні Эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін күнге белгіленуі тиіс;
- ✓ есептеу тәртібі, оның ішінде:
 - (а) облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды ұстаушылар тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге оларды сатып алу нәтижесінде облигацияларды есептен шығаруға бұйрықтар беру тәртібі және (б) сатып алынған облигацияларын төлеуге Облигацияларды ұстаушыға ақша қаражатын аудару тәртібі;

- ✓ Эмитенттің облигацияларды сатып алуын ұйымдастыру үшін қажетті өзге де шешімдер.

Эмитент Эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Биржаның (www.kase.kz), ҚЕД (www.dfo.kz) және Эмитенттің (www.homecredit.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы осындай шешімнің қабылданғаны туралы ақпаратты Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізуге міндетті. Жарияланған мәліметтерде келесілер қамтылуы тиіс:

- облигацияларды сатып алу жүргізілетін баға, осы бағаны есептеу тәртібін көрсету қажет;
- сатып алынатын Облигациялардың саны;
- Облигацияларды сатып алуды жүргізу күні;
- есеп айырысу тәртібі, оның ішінде: (а) облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды ұстаушылар тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге оларды сатып алу нәтижесінде облигацияларды есептен шығаруға бұйрықтар беру тәртібі және (б) сатып алынған облигацияларын төлеуге Облигацияларды ұстаушыға ақша қаражатын аудару тәртібі;
- Эмитенттің облигацияларды сатып алуын ұйымдастыру үшін қажетті өзге де ақпарат.

Эмитент орналастырылған облигацияларды сатып алуды Эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде жүзеге асырады.

б) осы проспектіде көзделген дефолт оқиғасы орын алған жағдайда

Дефолт оқиғасы орын алған жағдайда Облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап ету құқығын іске асыру тәртібі мен мерзімдері осы проспектінің 32 - тармағында көрсетілген.

в) Эмитент осы проспектіде көзделген мерзімде ковенанттардың (шектеулердің) кез келгенін бұзған және жоймаған жағдайда, Облигацияларды ұстаушылардың осы проспектінің 12-тармағында көзделген талаптарда, тәртіпте және мерзімде өздеріне тиесілі облигацияларды сатып алуды талап етуге құқылы.

- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.

20. Басталған кезде эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәлімет:

- 1) *басталған кезде эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы бар оқиғалар тізбесі:*

Дефолт – бұл эмиссиялық бағалы қағаздар және өзге де қаржы құралдары бойынша міндеттемелердің орындалмауы. Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы ықтимал оқиға (бұдан әрі – «Дефолт оқиғасы») Эмитенттің негізгі борышты және (немесе) купондық сыйақыны төлеу үшін осы проспектіде белгіленген мерзімдерде Облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу бойынша міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамауы болып табылады.

- 2) *облигацияларды ұстаушылардың сыйақы төлемі бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған кезде құқықтарын қорғау рәсімін, оның ішінде міндеттеме тәртібі және қайта құрылымдау талаптарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда эмитент қабылдайтын шаралар:*

Облигациялар бойынша дефолт оқиғасы орын алған жағдайда Эмитент облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу туралы ақшалай міндеттемені орындау күніне (нақты төлем күні) немесе оның тиісті бөлігіне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми ставкасын негізге ала отырып, мерзімі өткен әрбір күн үшін (тұрақсыздық айыбын есептеудің соңғы күні нақты төлем күні болып табылады), Облигация ұстаушыларына тұрақсыздық айыбын есептеуге және төлеуге міндетті.

Эмитент Облигациялар бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін, егер бұл орындамау еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса,

жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күш жағдайлары деп басталуын алдын ала білу немесе болдырмау мүмкін болмаған жағдайлар (дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар, уәкілетті органдардың тыйым салушы немесе шектеуші сипаттағы актілері және т.с.с.) түсініледі. Еңсерілмес күш жағдайлары туындаған жағдайда, Эмитенттің осы проспектіде көзделген өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай мән-жайлар мен олардың салдарлары әрекет ететін уақыт кезеңіне тең жылжытылады.

Міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын Эмитент Облигацияларды ұстаушылармен келіссөздер жүргізу жолымен келіседі. Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешімді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кредиторлардың келісімімен, оның ішінде Облигацияның оны ұстаушыға беретін құқықтарын ескере отырып, Директорлар Кеңесі қабылдайды. Эмитент Дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпаратты осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген тәсілдерді қолдана отырып және тәртіпте, мерзімде Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізеді.

Дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпараттық хабарлама алғашқы жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде Эмитент Облигацияларды не Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын ұстаушылардың Облигацияларды (облигациялар бойынша талап ету құқықтарын) жинақталған сыйақыны ескере отырып, сатып алуға мәлімделген Облигациялардың санын көрсете отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес баға бойынша сатып алу туралы жазбаша өтініштерін қабылдауды жүзеге асыруға міндетті.

Эмитент Дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпараттық хабар алғаш жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыруға және өткізуге міндетті.

Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысының күн тәртібіне өзге мәселелерден басқа Эмитент дайындаған өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын және (қажет болған жағдайда) осы проспектіге ықтимал өзгерістер жобасын бекіту туралы мәселелер енгізілуге тиіс.

Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындылары бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілмеген жағдайда және Эмитенттің өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіре алмауы туралы шешім қабылданатын болса, сондай-ақ егер Эмитент борышкер кредиторлардың талаптарын толық көлемде қанағаттандыруға қабілетсіз болған кезде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнамада көзделген мерзімде Облигацияларды ұстаушылардың жазбаша талаптары арқылы алынған Облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу және Облигацияларды сатып алу бойынша өз міндеттемелерін орындамаса, Эмитент пен Облигация ұстаушылардың бұдан арғы әрекеттері немесе Облигациялар бойынша талап ету құқықтары Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық саласындағы заңнамасымен реттеледі.

Егер Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындылары бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілген жағдайда, Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигация ұстаушысына берілетін құқықтарды ескере отырып, төлем қабілетін қалпына келтіру жөніндегі осы іс-шаралар жоспарын іске асыру туралы шешім қабылдайды.

- 3) *эмитенттің орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелердің орындалмау себебі, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі мүмкін болатын іс-әрекеттері, облигацияларды ұстаушылардың эмитентке, эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғаларға талап қою өтінішінің тәртібі туралы мәліметтерден тұратын дефолт фактісі туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушыларға жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілдері:*

Облигация бойынша Дефолт оқиғасы басталған жағдайда, Эмитент осы Дефолт оқиғасын тудырған себептерді жою және Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін барлық күшін жұмсайды.

Дефолт оқиғасы орын алған жағдайда, Эмитент тиісті оқиға орын алған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы ақпаратты Биржаның ережелерінде белгіленген тәртіппен оның ресми интернет-ресурсында (www.kase.kz) және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен

ҚЕД-ның (www.dfo.kz) және Эмитенттің (www.homecredit.kz) интернет-ресурсында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушыларының назарына жеткізуге міндетті. Эмитенттің ақпараттық хабарламасында мынадай мәліметтер қамтылуы тиіс:

- ✓ Дефолт оқиғасының басталуын тудырған себептердің толық сипаты;
- ✓ орындалмаған міндеттемелер көлемі туралы мәліметтер;
- ✓ Облигацияларды ұстаушылардың Эмитентке талаппен жүгіну тәртібі мен мерзімін қоса алғанда, Облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі барлық мүмкін әрекеттері;
- ✓ Дефолт оқиғасының басталуын тудырған себептерді жою үшін Эмитент қабылдайтын немесе қабылдауы мүмкін шаралар;
- ✓ Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу күні;
- ✓ Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпарат.

Өзге заңды тұлғаға көрсетілген ақпаратты ашу тапсырмасы көзделмеген.

- 4) *эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғалармен шарт жасалған күні мен нөмірі, осы тұлғалардың толық атауы, сондай-ақ оларды (осындай тұлғалар бар болса) мемлекеттік тіркеу күні.*

Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауаптылықта болатын тұлғалар жоқ.

- 21. Эмитенттің облигацияларды өтеу сәтіне дейінгі әрбір сыйақы төлеу кезеңінің бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін эмитенттің қажетті ақшалай қаражаты көздерінің және ағындарының болжамы:**

Сыйақылар төлеу және облигациялар бойынша негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы осы проспектіге 1-қосымшада келтірілген.

- 22. Эмитенттің облигацияларын ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар шығарылған жағдайда):**

Осы шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық болып табылмайды, осыған байланысты облигацияларды ұстаушылардың өкілі көзделмеген.

- 23. Эмитенттің төлем агенті туралы мәліметтер (бар болса):**

Облигациялар бойынша Төлем агенті көзделмеген. Купондық сыйақы мен номиналдық құнды төлеуді Эмитент өзі жүзеге асырады.

- 24. Эмитенттің консультанттары туралы мәліметтер (егер Бағалы қағаздар нарығы туралы заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету бойынша шарт жасасу міндеті белгіленген жағдайда):**

- 1) *эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның толық және қысқартылған атауы:*
- толық атауы: «BCC Invest» акционерлік қоғамы («Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы);
 - қысқартылған атауы: «BCC Invest» АҚ;
- 2) *эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері:*

Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қ., Алмалы ауданы, Панфилов к-сі, 98, А блогы, 5 қабат, «Old Square» БО. Байланыс телефондары: +7 (727) 244 32 32.

- 3) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғамен эмитенттің жасасқан шартының күні мен нөмірі.

2021 жылғы 01 қазандағы Нен/ж Қаржы консультанты қызметтерін көрсету туралы шарт.

Басқарма төрағасы



К. Горак

A handwritten signature or mark, possibly initials, consisting of a large loop and a short horizontal stroke.

ҮШІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМА ШЕГІНДЕГІ ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ ҮШІНШІ ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ ПРОСПЕКТИСІНЕ 1-КОСЫМША

Облигацияларды өтеу сәтінде дейін сыйақыларды төлеудің әрбір кезеңі бөлісінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы

Сыйақыларды төлеу және номиналды құны бойынша негізгі борышты өтеу Эмитенттің меншікті қаражаты есебінен қамтамасыз етілетін болады. Эмитент әрбір кезең бойынша түсімдер сомасы негізгі борышты өтеу және міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті болады деп есептейді.

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ БОЛЖАМДЫ ЕСЕП

мың теңгесін	2022 ж.		2023 ж.		2024 ж.	
	1Ж	2Ж	1Ж	2Ж	1Ж	2Ж
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ						
Пайыздық кірістер	55 717 973	63 832 605	67 793 955	76 694 573	82 233 766	87 790 682
Пайдалық шығыстар	(15 861 598)	(20 240 346)	(22 181 975)	(23 867 479)	(24 129 446)	(26 229 966)
Комиссиялық кірістер	13 551 001	14 436 914	15 435 737	16 822 001	16 062 232	16 823 132
Комиссиялық шығыстар	(3 533 368)	(4 022 948)	(4 511 092)	(5 106 263)	(5 169 794)	(5 665 870)
Өзгерістерді кезең ішіндегі пайда немесе шығын құрамында көрсетілген еділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарымен жүзгізілетін операциялар бойынша түсімдер / таза (төлемдер)	-	-	-	-	-	-
Шетел валютасымен жүзгізілетін операциялардан түсетін таза төлемдер	(5 337 591)	(5 825 091)	(5 729 238)	(5 191 746)	(5 372 993)	(5 372 993)
Өлге кірістер бойынша түсімдер	371 004	415 052	399 033	432 895	-	-
Жалпы ақмшлік шығыстар	(18 158 782)	(19 327 931)	(20 025 779)	(20 856 882)	(21 132 794)	(22 073 357)
Операциялық активтердің (үлгіаюы) / азаюы	-	-	-	-	-	-
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкідегі минималды қор	-	-	-	-	-	-
Банктерге берілген кредиттер мен аванстар	-	-	-	-	-	-
Клиенттерге берілген кредиттер	(43 491 962)	(76 655 446)	(44 462 553)	(63 809 219)	(29 293 577)	(2 023 226)
Басқа активтер	12 766	376	6	-	-	-
Операциялық міндеттемелердің ұлғаюы / (азаюы)	-	-	5 016 626	-	-	-
Өлсіздері кезең ішіндегі пайда немесе шығын құрамында көрсетілген еділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары	-	-	-	-	-	-
Банктердің шоттары мен депозиттері	-	3 000 000	-	-	(29 060 000)	(39 947 586)
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	28 000 000	38 000 000	44 000 000	44 500 000	49 500 000	42 000 000
Басқа міндеттемелер	(357 294)	1 716 216	(1 701 319)	1 386 634	(11 035 346)	(202 461)
Табыс салығын төлеуге дейін операциялық қызметтен ақшалай қаражаттың түсімі/таза (пайдалану)	10 912 149	(4 670 599)	34 033 401	21 004 514	22 662 048	45 098 355
Төлентен табыс салығы	(4 072 591)	(4 222 595)	(4 159 263)	(5 218 686)	(7 399 981)	(7 800 000)
Операциялық қызметтен ақшалай қаражаттың түсімі/пайдалану	6 839 558	(8 893 194)	29 874 138	15 785 828	15 262 067	37 298 355
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ						
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу	(2 254 280)	(3 766 260)	(1 580 342)	(2 944 444)	(344 023)	(441 858)
Негізгі құралдарды сату	-	-	-	-	-	-
Өтелегенге дейін ұстатын қаржы активтері	-	-	-	-	-	-

Инвестициялық қызметте ақша қаражатын пайдалану	(2 254 280)	(3 766 260)	(1 580 342)	(2 944 444)	(344 023)	(441 858)
ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТІНЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗГАЛЫСЫ						
Облигация шығарудан түскен ақша қаражатының түсімдері	27 750 089	31 224 450	21 480 483	31 408 977	16 300 000	47 519 993
Облигацияны өтеу	(1 750 089)	(18 224 450)	(8 480 483)	(17 408 977)	(1 300 000)	(28 519 993)
Дивидендтер бойынша төлемдер	-	(15 000 000)	(16 000 000)	(11 000 000)	(30 000 000)	(30 000 000)
Қаржы қызметінен ақшалай қаражаттың түсімі/(пайдалану)	26 000 000	(2 000 000)	(3 000 000)	3 000 000	(15 000 000)	(11 000 000)
Ақша қаражатының және олардың баламаларының таза ұлғаюы/(азайы)						
Валюта бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты мен олардың баламаларының шамасына әсері	30 585 278	(14 659 454)	25 293 796	15 841 384	(81 956)	25 856 497
Кезең басындағы жағдай бойынша ақша қаражаты және олардың баламалары	78 177 115	108 762 393	94 102 939	119 396 735	135 238 119	135 156 163
Кезең соңындағы ақша қаражаты және олардың баламалары	108 762 393	94 102 939	119 396 735	135 238 119	135 156 163	161 012 660

Осы қосымшада келтірілген Эмитенттің ақша қаражаты ағындарының болжамдары қате немесе дәл емес болуы мүмкін және барлық экономикалық және саяси жағдайларды, мемлекеттік реттеудегі өзгерістерді, салық талаптарындағы өзгерістерді (салық мөлшерлемелерінің өзгерістерін, жаңа салық заңдарын және салық заңнамасын түсіндіруді қайта қарауды қоса алғанда), сот және төрелік талқылаулардың нәтижелерін, пайыздық мөлшерлемелердің өзгерістерін, айырбастау бағамы мен басқа да нарықтық жағдайларды қоса алғанда, әртүрлі факторларға байланысты өзгертуге жағатын болжамдарға, бағаларға немесе әдістерге байланысты болады.

Эмитент жаңа ақпараттың пайда болуы, болашақ оқиғалар немесе өзге де негіздер салдарынан осы қосымшада ашылатын қандай да бір болжамды деректерді жаңарту үшін осы проспектіге өзгерістер енгізуге міндетті емес және ниет білдірмейді.

Прочитано и прогледано на 35 листах
Председатель Правления _____
К. Горак

